

"2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 14-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 шілдедегі N 22-2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 09 тамызда N 4487 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 19 наурыздағы N 705 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 19.03.2014 N 705 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және "2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2012 жылғы 6 желтоқсандағы N 61 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі N 109 шешіміне сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "2013-2015 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы" Жалағаш аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 14-2 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4382 болып тіркелген, "Жалағаш жаршысы" газетінің 2013 жылғы 16 қаңтардағы N 4, 2013 жылғы 19 қаңтардағы N 5, 2013 жылғы 23 қаңтардағы N 6 2013 жылғы 26 қаңтардағы N 7, 2013 жылғы 30 қаңтардағы N 8 сандарында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2013-2015 жылдарға арналған аудан бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2013 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 5 513 259 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1 026 602 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 8031 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 377 мың теңге;

трансферттер түсімі – 4 475 249 мың теңге;
2) шығындар – 5 557 386 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу - 132 444 мың теңге;
бюджеттік кредиттер - 146 285 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу - 13 841 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0;
қаржы активтерін сатып алу - 0;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -130 052 мың теңге;
б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 130 052

мың теңге;
қарыздар түсімі - 146 285 мың теңге;
қарыздарды өтеу - 16 233 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары - 46 519 мың теңге."

1-4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
"1-4. 2013 жылға арналған аудан бюджетінің кірістерінің жылдық болжамы бойынша "Мүлікке салынатын салықтар" ішкі сыныбы 112 277 мың теңгеге көбейтілсін.

мынадай мазмұндағы 1-6 және 1-7-тармақтармен толықтырылсын:
"1-6. 2013 жылға арналған аудан бюджетінің кірістерінің жылдық болжамы бойынша "Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар" ішкі сыныбынан 110 мың теңге азайтылып, аталған сома "Басқа да салықтар" ішкі сыныбына ауыстырылсын;

1-7. 2013 жылға арналған аудан бюджетінің шығыстары бойынша қосымша шығындар келесі бюджеттік бағдарламаларға бағытталсын:

"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" деген функционалдық топта:
"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру" деген бюджеттік бағдарламаға 9 952 мың теңге;

"Өзгелер" деген функционалдық топта:
"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі" деген бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша:

"Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві" деген бюджеттік бағдарламаға 6 614 мың теңге."

мынадай мазмұндағы 7-3 және 7-4-тармақтармен толықтырылсын:
"7-3. 2013 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаражаты

есебінен Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген адамдарға коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмекке берілген ағымдағы нысаналы трансферттерден 1 371 мың теңге қысқартылғаны ескерілсін ;

7-4. 2013 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаражаты есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін :

білім беру ұйымдарының психологтарына семинар-тренингін өткізу үшін 833 мың теңге . " ;

мынадай мазмұндағы 8-3-тармақпен толықтырылсын:

"8-3. 2013 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаражаты есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін :

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 3 783 мың теңге; жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын ұлғайтуға 8 994 мың теңге. "

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. 2013 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаржысы есебінен төмендегі көлемде бюджеттік кредиттер қаралғаны ескерілсін:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін бюджеттік кредиттер 16 460 мың теңге." .

көрсетілген шешімнің 1, 5, 7, 9-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Жалағаш аудандық мәслихат аппаратының бас маманы (Р.Досмағамбетов) осы шешімнің Әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында, интернет-ресурстарды қоса алғанда ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Жалағаш аудандық мәслихатының

XXII-сессиясының төрағасы А. БЕКЖАНОВ

Жалағаш аудандық

мәслихатының хатшысы К. СҮЛЕЙМЕНОВ

2013 жылғы "18" шілдедегі N 22-2

Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне

1-қосымша

2012 жылғы "20" желтоқсандағы N 14-2
Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне

1-қосымша

2013 жылға арналған аудан бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
		Ішкі сыныбы	
		Атауы	
		Кірістер	5513259
1		Салықтық түсімдер	1026602
	01	Табыс салығы	168040
		2 Жеке табыс салығы	168040
	03	Әлеуметтік салық	116500
		1 Әлеуметтік салық	116500
	04	Меншікке салынатын салықтар	725574
		1 Мүлікке салынатын салықтар	708231
		3 Жер салығы	2920
		4 Көлік құралдарына салынатын салық	12673
		5 Бірыңғай жер салығы	1750
	05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	12868
		2 Акциздер	1928
		3 Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4944
		4 Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5920
		5 Ойын бизнесіне салық	76
	07	Басқа да салықтар	110
		1 Басқа да салықтар	110
	08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3510
		1 Мемлекеттік баж	3510
2		Салықтық емес түсімдер	8031
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	83
		5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	70
		7 Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	13
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	7948
		1 Басқа да салықтық емес түсімдер	7948
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3377
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	3377
		1 Жерді сату	3377

4		Трансферттердің түсімдері	4475249
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4475249
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4475249
Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
	Атауы		
	Шығыстар		5557386
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		322238
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17297
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4300
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	64469
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4800
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	191671
		022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3910
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
		001 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттің орындау және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16230
		002 Ақпараттық жүйелер құру	539
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	1131
		010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	100
		011 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	195
		018 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	138
	453	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	
		001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16942
		004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	516
02	Қорғаныс		2130
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1870
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	
		006 Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	260

03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1342
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
		021 Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1342
04		Білім беру	2765048
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	
		009 Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	307489
		040 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	147731
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	
		003 Жалпы білім беру	2149716
		006 Балаларға қосымша білім беру	53448
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	
		001 Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19964
		005 Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	15667
		007 Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	400
		012 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	782
		015 Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай каражат төлемдері	11250
		020 Үйде оқытылатын мүгедек балаларды жабдықпен, бағдарламалық қамтыммен қамтамасыз ету	43276
		067 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	15325
05		Денсаулық сақтау	145
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
		002 Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	145
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	237455
	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
		002 Еңбекпен қамту бағдарламасы	27875
		004 Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	11700
		005 Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	11382
		006 Тұрғын үй көмегі	13200
		007 Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	19816

	009	1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық Қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	232
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	1019
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	34902
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	65586
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілерімен қамтамасыз ету	19444
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	1563
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29357
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	685
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	694
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1606361
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
	007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	500
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу	15413
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	208600
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	041	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	9952
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	4636
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	7200
	006	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	1252699
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	19474
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	12598
	010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	500
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	11338

	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	015	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	4500
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	58951
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	246681
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
	003	Мәдени- демалыс жұмысын қолдау	130450
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	300
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	26303
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	48862
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	535
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6000
	005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	1685
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10228
	010	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	536
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10356
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2140
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8736
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	50
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	114187
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19486
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	337

	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	15600
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	200
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11084
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	552
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1271
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1200
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	3978
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	2223
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9479
	006	Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	2800
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	45827
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	26253
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16806
	017	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	192
468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8592
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	663
12		Көлік және коммуникация	137834
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5752
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	21305
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	109968
	024	Кентшілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	809
13		Басқалар	79305
469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	

	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9191
	003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	793
	004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	
	040	"Өңірлерді дамыту" Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	30195
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	9614
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25934
	013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1078
	065	Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	2500
14		Борышқа қызмет көрсету	2092
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
	013	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2092
15		Трансферттер	16315
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	12360
	024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3955
		Таза бюджеттік кредиттеу	132444
		Бюджеттік кредиттер	146285
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	146285
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	
	008	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	146285
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	13841
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	
	13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	13841
		Бюджет тапшылығы (профициті)	-130052
		Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	130052
7		Қарыздар түсімі	146285
	2	Қарыз алу келісім -шарттары	
	03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	146285

16		Қарыздарды өтеу	16233
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	
		008 Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	16233
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	46519
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	46519
		01 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	46519

2013 жылғы "18" шілдедегі N 22-2 Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне

2-қосымша

2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 14-2 Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне

5-қосымша

2013 жылға арналған кент және ауылдық округтері әкімдері аппараттарының бюджеттік бағдарламалары шығыстары

мың теңге

R/с	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі	Кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу
-----	-------------------------------	---	--	---	---	--	--	--

1	Жалағаш кенті әкімі аппараты	29576	500		500	13726	8098		8
2	Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты	12914				680	294		1
3	Аққыр ауылдық округі әкімі аппараты	12635	60			372	492		2
4	Аламесек ауылдық округі әкімі аппараты	12508	500			372	420		2
5	Аққұм ауылдық округі әкімі аппараты	12338				372	387		2
6	Бұхарбай батыр ауылдық округі әкімі аппараты	11283				372	384		3
7	Еңбек ауылдық округі әкімі аппараты	11234	2240			372	354		2
8	Шәменов атындағы ауылдық округі әкімі аппараты	9971		29		372	205	500	1
9	Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппараты	11628		29		372	326		2
10	Таң ауылдық	11530				372	260		1

	округі әкімі аппараты							
11	Мәдениет ауылдық округі әкімі аппараты	11331	60	29		372	454	3
12	Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппараты	12738				604	348	2
13	Жаңадария ауылдық округі әкімі аппараты	9868				372	166	1
14	Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі аппараты	10786	550	29		372	240	2
15	Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппараты	11331		29		372	170	1
	Барлығы	191671	3910	145	500	19474	12598	500

2013 жылғы "18" шілдедегі Жалағаш аудандық мәслихатының

3-қосымша

2012 жылғы 20 желтоқсандағы Жалағаш аудандық мәслихатының

7-қосымша

2013 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттің қаражаты есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер

Атауы	Сомасы мың теңге
Барлығы	147260
Жаңадан іске қосылатын санаторлық балабақшаны ұстау	39661
Білім беру ұйымдарында балалардың құқығын қорғау жөніндегі инспекторларды ұстау	821
Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына бір жолғы әлеуметтік көмек	12463
Жаңадан іске қосылатын мәдениет объектілерін ұстау	4947

Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуден өткізу	85449
Өңірге қажет мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек көрсету	3086
Білім беру ұйымдарының психологтарына семинар-тренингін өткізу	833

2013 жылғы "18" шілдедегі Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне
4-қосымша

2012 жылғы 20 желтоқсандағы Жалағаш аудандық мәслихатының шешіміне
9-қосымша

2013 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер

А т а у ы	Сомасы мың теңге
Барлығы	371485
Эпизоотияға қарсы шараларды жүргізу	45827
Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	15600
Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету	8002
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	147731
Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру	55567
Қорғаншыларға (қамқоршыларға) жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағу үшін ай сайын ақша қаражатын төлеу	11250
Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайту	35743
Үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілікті арттырудың өткен мұғалімдерге төленетін еңбекақыны арттыру	12576
"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыру	30195
Жергілікті атқарушы органдардың штаттық санын ұлғайту	8994